

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Америка Құрама Штаттарының Үкіметі арасында Есірткіні бақылау және құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету саласындағы өзара түсіністік туралы меморандум жасасу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 11 желтоқсан N 1301

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Америка Құрама Штаттарының Үкіметі арасындағы Есірткіні бақылау және құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету саласындағы өзара түсіністік туралы меморандумның жобасы мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер бірінші вице-министрі Қайрат Қуатұлы Әбусейітовке Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Америка Құрама Штаттарының Үкіметі арасында Есірткіні бақылау және құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету саласындағы өзара түсіністік туралы меморандум жасасуға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҮКІМЕТІ МЕН АМЕРИКА ҚҰРАМА ШТАТТАРЫНЫҢ ҮКІМЕТІ АРАСЫНДАҒЫ ЕСІРТКІНІ БАҚЫЛАУ МЕН ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРТІПТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ САЛАСЫНДАҒЫ ӨЗАРА ТҮСІНІСТІК ТУРАЛЫ МЕМОРАНДУМ

I. Жалпы бөлім

1. 1992 жылғы 10 мамырда қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Америка Құрама Штаттары Үкіметінің арасындағы Көмек көрсету саласындағы ынтымақтастық туралы келісімнің ("Келісім 1992") 5 бабына сәйкес, бұдан әрі Тараптар деп аталатын, Қазақстан Үкіметі мен Америка Құрама Штаттарының Үкіметі, осы Өзара түсіністік туралы Меморандумды (бұдан әрі Өзара түсіністік туралы Меморандум) жасасады. Өзара түсіністік туралы Меморандумды орындау 1992 жылғы Келісімнің шарттарымен реттеледі.

2. Тараптар, заңсыз есірткі саудасы мен ұйымдасқан қылмысқа қарсы күресте Қазақстанның құқық қорғау, соттық және прокуратура органдарының мүмкіндіктерін арттыруға бағытталған жобаны ұйымдастырып және оған қолдау көрсетуге келіседі.

3. Тараптар қабылдап, ұсынуға тиіс жобаны қолдауға бағытталған іс-қимылдар мен ресурстар, егер бірлесіп келіскен өзге түзетулер болмаса, онда төменде көрсетілгендей, Тараптардың міндеттері ретінде қарастырылады.

4. Өзара түсіністік туралы меморандумның шарттарына сәйкес АҚШ-тың үкіметтік мекемелермен келісім-шарт бойынша қамтамасыз етіліп, грант немесе басқа техникалық көмек түрінде, сондай-ақ тренинг қалпында төменде сипатталған жобаға (бұдан әрі - Жоба) жұмсалатын Америка тарапының жалпы үлесі 530.000 АҚШ долларын құрайды, яғни Америка тарапы, жалпы көмектің (бөлінген қорлардың) 110 000 АҚШ долларын ұсынады. Жобаның алдағы уақытта қаржыландыруы Конгрестің шешіміне және Мемлекеттік Хатшының есірткіні және құқық қорғау қызметінің халықаралық бақылау мәселелері жөніндегі орынбасарының қорларды бөлуіне және бекітуіне байланысты болады.

5. Өзара түсіністік туралы меморандумға Тараптардың бірлескен келісімі бойынша өзгерістер енгізілуі мүмкін және ол Өзара түсіністік туралы Меморандумның ажырамас бөлігі ретінде ресімделеді.

6. Егер Тараптар Меморандумның мәтініне бірлесіп келіскен өзгерістер енгізбесе, онда қол қойылған күннен бастап қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін Өзара түсіністік туралы Меморандумның барлық ережелеріне қолдау көрсету мен үйлестіру үшін тиісті өкілдер тағайындалады.

II. Жобаның сипаттамасы

1. Жоба заңсыз есірткі саудасына және басқа да ауыр қылмыстарға қатысы бар тұлғаларға қарсы нәтижелі тергеулер мен соттық істерді жүргізудегі және қылмыстық құқық саласындағы реформалардың алға бастырудағы Қазақстан тарапының мүмкіндіктерін күшейтуге бағытталған. Жоба сонымен бірге, шекаралық қауіпсіздікті нығайтуға, заңсыз есірткі мен химиялық прекурсорлар саудасына қарсы күрес әдістерін жетілдіруге, есірткіні пайдаланып зиян шегудің алдын алуға, химиялық прекурсорларды бақылау мен қылмыспен күреске, соның ішінде контрабанда, трансұлттық қылмыс, ақшаны заңсыз ресімдеу, сыбайлас жемқорлық және терроризм мен байланысты қылмыстарға қарсы бағытталған.

2. Осы мақсатта Тараптар бұл күш-жігерді қолдау үшін өздерінің заңнамалық ресімдеріне сәйкес іс-әрекет етіп жыл сайын ресурстар бөледі.

3. Жүзеге асырылатын іс-әрекеттер мыналарды қамтиды:

(1) Америка тарапы АҚШ-тың құқық қорғау ұйымдары арқылы жалпы құны 420,000 АҚШ доллары көлемінде тренинг және техникалық көмек береді;

(2) Америка тарапы жалпы құны 110,000 АҚШ доллары көлемінде құрал-жабдықтарды береді;

(3) Америка тарапы есірткі пайдаланып зиян шегуге қарсы күресуге көмек береді;

(4) Америка тарапы Бас прокуратураға жаттықтыру ұсыну және қылмыс жөніндегі заңгерлік саласында көмек көрсету үшін Тұрақты Заң Кеңесшісін жіберіп отыруды

ж а л ғ а с т ы р а д ы ;

(5) Қазақстан тарапы оқып үйрену және төмендегі ережелерді сақтау үшін білікті персонал береді.

4. Америка тарапының ағымдағы қаржы жылынан соң қаражат бөлуі АҚШ Мемлекеттік Департаментінің Есірткіні және құқық қорғау қызметін халықаралық бақылау бюросының бекітуімен және АҚШ Конгресімен жыл сайын бөлінетін және бекітілетін қорлардың барлығы және жобаның мақсатына жетудегі қанағаттандырылғы прогреспен шартты түрде байланысты.

III. Жобаның мақсаты және жетістіктерді бақылау

1. Өзара түсіністік туралы меморандумға сәйкес жобаның нақты мақсаттары мыналар болып табылады :

1) Заңсыз есірткі саудасына, жемқорлық пен басқа да ауыр қылмыстарға байланысы бар тұлғаларға қатысты нәтижелі тергеулер мен соттық жұмыстар жүргізудегі Қазақстан тарапының мүмкіндіктерін арттыру үшін заңгерлік реформаларды ілгерілету ;

2) Есірткі мен прекурсорлардың заңсыз саудасын және заңсыз контрабанданың болдырмау үшін шекара қауіпсіздігін нығайту;

3) Есірткіні заңсыз сату мен тұтынуға, сондай-ақ трансұлттық қылмыстар мен терроризмге байланысты қылмыстарға қарсы күресу әдістерін жақсарту.

2. Жобадағы мақсаттарға жетудегі ілгерілеу төмендегідей жағдайлар ескеріліп бағаланады :

1) Заңсыз есірткі саудасы, сыбайлас жемқорлық және қаржылық қылмыстарға байланысты сәтті тергеулер мен соттық қудалаулар санын арттыру;

2) Қылмыстық кодекске, банкілік және қаржылық қылмыстар мен сыбайлас жемқорлыққа байланысты заңдар мен реформалар;

3) Заңсыз есірткі контрабандасына, прекурсорларға және заңсыз тауарларға қарсы іс-әрекеттерді күшейту ;

4) Есірткіні қиянат жасап пайдаланудың алдын алу жөніндегі ұлттық стратегияны құру және күшейту.

3. Жобаның жетістіктерін бақылау әдістері заңсыз есірткі саудасын, сыбайлас жемқорлық пен қаржы қылмыстарын, есірткіні тәркілеу мен жою және шекарада заңсыз контрабанданың жолын кесудегі сәтті сот істерін ресми құжаттар арқылы Тараптар мамандарының бақылауын қамтиды.

4. Осы жобаның ұзақтығы бір жылдан үш жылға дейінгі мерзімді құрайды.

IV. Стандартты ережелер

1. Қаржыландыру

А. Америка тарапынан тауарларды және қызметтерді сатып алуға бөлінген қорлар, Америка елшілігімен немесе INL-мен дайындалып ұсынылған, қорлардың пайдаланылуы туралы құжаттарға төлем ретінде жүргізіледі.

В. Америка тарапының қаржы жылы аяқталғанынан соң, сол уақыт аралығында Өзара түсіністік туралы меморандумына қол қойылғаннан кейін, Америка тарапынан бөлінген қорлар, он екі ай мерзімінде пайдаланбаған жағдайда Америка тарапымен қайта қайтарылуы мүмкін. INL АҚШ Мемлекеттік департаменті сұрау алғаннан кейін қорлардың пайдалану мерзімін созу ұсынылуы мүмкін.

С. Қазақстан тарапы, Өзара түсіністік туралы меморандумға сәйкес көмек алушы ұйымдардың тиімді іс-әрекетінің қамтамасыз етілуін, жалға алу және коммуналдық қызмет, телефон байланысы, айлық ақысы мен жәрдемақы, соның ішінде медициналық және басқа да сақтандыру және де білікті мамандарды жалдау мен сақтау сияқты әкімшілік және жол жөнекей шығындарды төлеуге арналған тиісті қаржылардың бөлінуін қамтамасыз етеді.

Қазақстан тарапы, қорлар немесе басқа көмек осы Өзара түсіністік туралы меморандумға сәйкес, заңсыз есірткі саудасына және басқа қылмыстарға әлде бір қолдау ретінде пайдаланылмауы үшін керекті және негізделген іс-әрекеттерді қамтамасыз етеді.

2 . М е н ш і к к ұ қ ы ғы

Егер Тараптар басқадай келіспеген жағдайда, Америка тарапының қаржысы есебінен сатып алынған барлық құрал-жабдықтар мен материалдардың меншік құқығы (бұдан әрі - Меншік) Қазақстан тарапына өтеді.

3. Меншік пен Персонал

А . М е н ш і к

(1) Қазақстан тарапына Америка тарапының қаржыландыруы арқылы ұсынылған меншік жобаның мақсаттарына пайдаланылады, содан кейін жобаның алдағы уақыттағы міндеттеріне пайдаланылады. Қазақстан тарапы Америка тарапының қаржыландыруы арқылы алынған және осы ережелерге сәйкес пайдаланбаған кез келген меншікті Америка тарапына қайтаруға немесе өтеуге келіседі. Жоба мақсаты үшін Америка тарапы берген кез келген меншікті сатудан түскен қаражат жоба міндеттерін ілгерілетуге жұмсалады.

(2) Соңғы пайдаланушы өзінің барлық Меншігі үшін Америка елшілігіне, Қазақстан тарапының есебінен алынған құрал-жабдықтарға, материалдарға қазақстан тарапы пайдаланатын қатаңдықтан кем емес түрінде есеп береді.

В . П е р с о н а л

(1) Стипендияны беруге немесе тренингтерге қатысушыларды қаржыландыруға дейін, Өзара түсіністік туралы Меморандумға сәйкес Қазақстан тарапынан тренингтерге ұсынылған қатысушылар есірткіге байланысты қылмыс бойынша сотталмағаны туралы немесе соңғы он жылда заңсыз есірткі саудасында қатысы жоқ екендігі туралы Өзара түсіністік туралы Меморандумның Қосымшасында келтірілген сертификатқа қол қоюы тиіс.

(2) Қазақстан тарапы, Өзара түсіністік туралы Меморандумға сәйкес

қаржыландырған тренингтерден өткен персоналды, осы тренингтерден кейін кемінде екі жылға дейін сақтауға келіседі. Осы талаптан Тараптардың тиісті өкілдерінің жазбаша келісімі арқылы бас тартылуы мүмкін.

4. Бақылау және бағалау

А. Әрбір Тарап: (1) Өзара түсіністік туралы Меморандумына сәйкес осы Тараптың сатып алынған немесе қаржыландырылған қандай да меншіктің пайдалынуын Өзара түсіністік туралы Меморандумның шарттарына сәйкес пайдалануын анықтау үшін тексеруге; және (2) осы Тараппен ұсынылған қаржы, меншік және келісім қызметтерінің Өзара түсіністік туралы, Меморандумының шарттарына сәйкес пайдалануын анықтау үшін, осы қорларға, қызметтерге немесе меншікке байланысты кез келген протоколдар, мен есеп берулерін тексеру мен аудит жүргізуге құқылы.

В. Тараптар, жобаның іске асыру мерзімі аралығында кемінде жылына бір рет бірлесіп жобаның жүзеге асуын және құрал-жабдықтар мен материалдардың пайдалануын бақылауға келіседі. Әр бір Тарап бақылау мен бағалау рәсіміне қатысу үшін білікті персонал тағайындайды.

С. Өзара түсіністік туралы Меморандумның шарттарына сәйкес әр бір Тарап келесі Тарапқа жобаның іс-әрекет тиімділігін бағалауға қажетті ақпаратты ұсынып отырады. Жобаны аяқталуы туралы есеп жобаның аяқталуынан кейін ажырағысыз рәсім бөлімі болып жасасады. Аяқталу туралы есепке Тараптардың жобаға қосқан үлесі туралы қорытынды, орындалған іс-шаралар туралы есеп қол жеткізілген міндеттер және негізгі тиісті мәліметтер кіреді.

5. Қолданылатын құқықтық нормалар

А. Тараптар қаржыларды өз мемлекеттерінің заңдарына сәйкес пайдаланады.

В. Егер Өзара түсіністік туралы Меморандумда қарастырылмаса немесе Америка тарапы басқадай уәкілеттік бермесе, Америка тарапының қаражатына сатып алынған барлық тауарлар мен көмектер Құрама Штаттарда сатып алынады және сол жақтан әкелінеді. Осымен Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге ұсынылатын тауарлар тізімі Қазақстан тарапымен келісу үшін оларды әкелуден кем дегенде бір ай бұрын ұсынылады.

6. Валюта айырбастау

Өзара түсіністік туралы меморандумның шарттарына сәйкес Қазақстанға келіп түскен қаржылардың барлығы Ұлттық банкпен орнатылған ресми бағыт бойынша Қазақстан валютасына айырбасталуы тиіс.

7. Адам құқығы

Тараптар адам құқығын қорғау Өзара түсіністік туралы меморандумның маңызды ережесі болып табылатынын таниды және келіседі. Осы мақсатта Тараптар:

А. Америка тарапынан Қазақстан тарапына есірткіні және қылмысты бақылау саласында көмек көрсету Қазақстан Тарапының адам құқығын қорғау саласында Қазақстан Республикасында белсенді іс-әрекеттерімен шартты түрде байланысты, және

В. Егер АҚШ Мемлекеттік Хатшысының Қазақстан Республикасының мемлекеттік органының адам құқығын дөрекі бұзғаны туралы айғақ дәлелі болса және Қазақстан Республикасының мемлекеттік органының жауапты қызметтегі тұлғаларын сотқа тартуда тиімді іс-әрекеттердің іске асырылуына Мемлекеттік Хатшының көзі жетпесе осы Өзара түсіністік туралы меморандумның шарттары бойынша және АҚШ-тың саясаты мен заңдарына сай Америка тарапы Қазақстан тарапына ешқандай көмек пен қаржыландыруды ұсынбайды. Тараптар "тиімді шаралар" Қазақстан тарапымен сенімге лайық тергеулер жүргізу деп және жергілікті заңға сай қатысты тұлғаларға қарсы лайықты тәртіптік шаралар немесе әділетті соттық қудалауды іске асырылуы деп түсініп келіседі.

8. Қолданыс мерзімінің тоқтатылуы

А. Өзара түсіністік туралы меморандум Тараптардың өкілетті өкілдері қол қойғаннан кейін уақытша қолданылады, кейін Қазақстан Тарапы Өзара түсіністік туралы Меморандумның күшіне енуі үшін керекті мемлекетішілік рәсімдердің орындалғаны туралы мәлімдеме жіберген күнінен бастап күшіне енеді. Әрбір Тарап Өзара түсіністік туралы Меморандумның іс-әрекетін екінші Тарапқа тоқсан күн бұрын жазбаша хабарлама жіберу арқылы тоқтата алады. Меморандум іс-әрекетінің тоқтатылуы, хабарлау хатын жібергенге дейін үшінші тарапқа қатысты төлем қызметінің күшіне енген міндеттерінен басқа, Өзара түсіністік туралы меморандумның шарттарына сай екі Тарап бір-біріне алған төлем міндеттерінен босатылады.

В. Америка тарапы, Қазақстан Республикасының мемлекеттік ұйымға немесе сол арқылы Өзара түсіністік туралы меморандумның шарттарына сәйкес немесе осы ұйымның қызметтегі тұлғасы, немесе басқа стипендия алушы немесе Өзара түсіністік туралы меморандумның шарттарына сәйкес қаржыландырылған тренингтің қатысушысы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес және АҚШ Федералдық Қаулылар Жинағының 140-шы бабының 22-ші бөлімінде ескертілгендей есірткіге байланысты қылмыстық жауапқа тартылған немесе заңсыз есірткі саудасына қатысты болса хабарлау немесе басқа лайықты шаралар қабылдау арқылы кез келген көмекті тоқтатуға құқылы болады.

С. Өзара түсіністік туралы меморандумның 3-ші бабына сәйкес меншікті пайдалану туралы міндеттер Өзара түсіністік туралы меморандумның қызметі тоқтатылғаннан кейін күшін жоймайды.

Д. Өзара түсіністік туралы меморандум күшіне енгеннен кейін, 1997 жылғы 6 мамырында Тараптар арасында жасалған Жазбаша келісім, өзінің қолданысын тоқтатады.

2002 жылы _____ қыркүйегінде Астана қаласында екі данада, қазақ, ағылшын және орыс тілдерінде жасалды және әр мәтіннің бірдей күші бар.

Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін

Америка Құрама Штаттарының

Үкіметі үшін

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Америка Құрама Штаттарының Үкіметі арасындағы Есірткіні бақылау мен құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету саласындағы Өзара түсіністік туралы меморандум осы келісімнің қазақша мәтіні аталған келісімнің ағылшын тіліндегі нұсқасына сәйкес келеді.

ҚР СІМ Көп жақты ынтымақтастық
Департаментінің арнайы халықаралық
ұйымдар бөлімінің Басшысы

Қ о л ы :

26 қазан 2002 ж.

ЕСІРТКІГЕ ЖӘНЕ ЗАҢСЫЗ ЕСІРТКІ САУДАСЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ҚЫЛМЫСҚА ҚАТЫСУШЫНЫҢ СЕРТИФИКАТЫ

1. Осымен куәландырып сендіремін, соңғы он жыл ішінде мен:

А. Америка Құрама Штаттарының немесе кез келген басқа мемлекеттің есірткі немесе психотроптық немесе басқа да бақылауға алынған заттарға байланысты заң нормасын бұзған немесе заңсыздықты жасауға қатысқаным үшін айыпталған емеспін.

В. Мен қандай да бір есірткінің немесе бақылауға алынған заттардың заңсыз саудасына қатысушы болып табылмаймын және болған да емеспін.

С. Мен кез келген осындай есірткілермен немесе заттармен заңсыз сауда жасау туралы басқа адамдармен мәмілеге барған қылмысты топқа саналы көмекші, қол ұшын беруші, қатысушысы немесе олардың адамы болып табылмаймын да, болған да емеспін.

2. Егер соңғы он жыл мерзімінде немесе менің Мемлекеттік департаментпен қаржыландырған оқуым кезінде жоғарыда аталған іс-әрекеттерге қатысым болғаны туралы белгілі болса, Америка Құрама Штаттарының Мемлекеттік департаменті менің оқуымды тоқтата алатынын түсінемін.

Қолы: _____

Аты: _____

күні: _____

Ескерту

1. Сізден, Есірткі саудагерлеріне көмек көрсетуге тыйым салу туралы АҚШ Федералдық Қаулылары Жинағының 22-ші бабының 140 бөліміне сәйкес осы сертификатқа қол қою талап етіледі. Осы қаулыларды Мемлекеттік департамент жарыққа шығарды және белгілі қатысушылардан осы сертификатқа қол қою талап етіледі.

2. Егер Сіз жалған куәландыруға сендірсеңіз, Сіз Қазақстан Республикасының

заңдарына немесе АҚШ-тың 1001 Заңдар Жинағының 18-ші бабына сәйкес қылмыстық қудалауға алынасыз.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК